

Насимов М.Ө.,
Паридинова Б.Ж.
**Конфуций іліміндегі
саяси құндылықтар**

Қазіргі заманғы қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар өткен жылдар философиялық ойларының негіздеріне сүйенеді. Әлеуметтік шындықты ұғындырудың тарихи бірінші түрі қоғам табиғатын діни-мифологиялық тұрғыдан түсіндіру болды. Конфуций – көпқырлы этикалық-саяси ілімдердің негізін қалады. Берілген мақалада оның ілімдеріндегі адамгершілік және саясат, мемлекеттік құрылыстың саяси мұраты, басқарудың мағынасы зерттелді.

Түйін сөздер: әлеуметтік-саяси көзқарастар, этикалық-философиялық тұжырымдамалар, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, құндылықтар.

Nassimov M.O.,
Paridinova B.Zh.
**Political values
in confucius doctrines**

Modern social sciences and the humanities are based on a foundation of philosophical thought of previous years. Historically the first form of interpretation of social reality was religious mythological explanation of the nature of society. Confucius, the founder of the multidimensional ethical and political doctrine. This article explores the morality and politics, the political ideal of a state system, the value of government in teachings.

Key words: socio-political views, ethic and philosophical concepts, ritual, rite, values.

Насимов М.О.,
Паридинова Б.Ж.
**Политические ценности
в учениях конфуция**

Современные общественные и гуманитарные науки опираются на фундамент философской мысли прошлых лет. Исторически первой формой истолкования социальной реальности стало религиозно-мифологические объяснения природы общества. Конфуций – основатель многоаспектного этико-политического учения. В данной статье исследуется мораль и политика, политический идеал государственного устройства, значения правления в его учениях.

Ключевые слова: социально-политические взгляды, этико-философские концепции, ритуал, обряд, ценности.

КОНФУЦИЙ ІЛІМІНДЕГІ САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Заманауи саяси тұжырымдардың идеялық қайнар көздерін қалыптастыруда өткен заман ойшылдарының әлеуметтік-саяси көзқарастары және тұжырымдамаларының рөлі мен орны ерекше. Өз заманында қалыптасқан теориялар оны құрушы ойшылдың көзқарастарымен қатар, өткен дәуірлердегі әлеуметтік топтар мүдделері мен әлеуметтік-саяси шындықпен ұштасады.

Адамзат тарихындағы прогресс ғылымның дамуымен өлшенетіні белгілі. Ғылымның дамуындағы негізгі сипаттамалар мен заңдылықтар әлеуметтік-мәдени контексте қарастырылып, ғылымның мақсаты, алынған нәтижелерінің маңыздылығы анықталады. Қоғам және оның мәдени жағдайы ғылыми-зерттеушілік процестерге бағынышты. Дарындылар шығармашылығы әлемдік мәдениеттің дамуы, жетістіктер шыңының әрбір тарихи прогресінің өлшемі болып табылады. Осы шығармашылықта барлық құнды және маңызды, адамзаттың ғылымдағы, өнердегі, тәжірибелік қызметтегі жетістіктері көрініс табады. Олардың идеялары, өнер туындылары, азаматтардың ұмтылыстарын білу арқылы, біз олардың сол дәуірдегі дүниетанымын танимыз. Өз дәуірінің танымал тұлғалары қалыптастырған шығармашылық еңбектері өзі өмір сүрген кезеңнің бейнесін береді. Ал, ғылым – жаңа идеяларды алға жылжытушы ғалымдар қызметінің нәтижесі болып табылады. Олардың мақсаты біреу ғана, ол – ғылыми жаңалық ашу. Олар қоғамға қажетті ерекше өнім, яғни, жаңа ғылыми білімдер қалыптастырады.

Тарихтан белгілі, алғашқы мемлекеттер б.д.д. төртінші мыңжылдықта Ежелгі Шығыс елдерінде қалыптаса бастады. Демек, тұңғыш саяси идеялардың дүниеге келуі осы дәуірден басталды. Ежелгі Шығыстағы әлеуметтік-саяси көзқарастар ойшылдардың философиялық, діни, этикалық пікірлерімен тығыз байланысты. Сондықтан сол замандағы саяси білімнің негізі арқылы саяси философия қалыптасты деуімізге негіз бар.

Қытай – салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптар елі. Шетелдіктер және қытайлықтар өздерін осылай қабылдайды. Салт-дәстүр (ли) түсінігіне конфуцийшілдік ілімі ерекше мән береді және Конфуций өз еңбектерінде ұғымды дұрыс түсінуге шақырады [1].

Ежелгі Шығыстағы қытай философиясымен бірге мәдениеті де әлемдегі ең ежелгі және бай мәдениеттердің бірі саналады. Мыңжылдықтар тамырымен бойлаған мәдениет дәстүр мен

консерватизм бірігушілігін танытып отыр. Ежелгі дүниеде қалыптасқан рухани құндылықтар әлі де қытайлықтар дүниетанымының шындығы және олардың өмірге көзқарастарын айқындайды. Бүгінгі таңдағы Қытайдың экономикалық даму кезеңінде дәстүрлі құндылықтар жоғалмай, заманауи нарықтық құндылықтар шеңберінде даму жолдарын қалыптастырып отыр.

Қытайлықтардың ежелгі дәуірдегі дүниетанымы әлеуметтік бағытта сипатталады. Ежелгі дәуірдегі қытай ойларының басты бағыттары қоғам, оның ұйымдастырылуы, құрылымы және қызмет етуіне негізделеді. Конфуций ілімдерінен бастау алатын қоғам және адам мәселесі қытай философиясының негізгі тақырыбы. Оның бастамасымен құрылған әлеуметтік нормалар мен қағидаттар негізгі теориялық білімнің қалыптасуына ықпал жасады. Өз кезегінде әлеуметтік принциптер адамда таңдау негізі бойынша танылады.

Философия ғылымдарының докторы, профессор Ж. Алтаев пікірінше: «Қытай философиясында негізгі үш ағым бар. Біріншісі – натурфилософия. Ол даосизм ағымына кіреді. Екіншісі – конфуцийшілдік. Бұл Қытайдың моральдық философиясы жайында. Үшіншісі – легистер мектебі, яғни заң туралы. Бұл ағымдар көне заманнан келе жатыр. Б.д.д. III ғасырдың аяғында пайда болған ежелгі Қытай философиясы кейінірек негізгі алты философиялық бағытқа – мектептерге бөлінді. Олар: конфуцийшілдік, моизм, заң мектебі (легистер), даосизм, натурфилософия және атаулар мектебі. Осы аталған философиялық мектептердің ішіндегі ең көрнектілері ретінде конфуцийшілдік, даосизм және легистерді атап айтуға болады» [2].

Ежелгі Қытай ойшылы Конфуций және легистер мектебі өкілдерінің көзқарастары тұжырымдамасы терең әлеуметтік-саяси идеялардың қалыптасуына негіз болды. Қытайда орын алған Конфуций мен легистер арасындағы таластар барысында басқарудың екі қағидалары орын алды: фа чжи – заңның басқаруы; жень чжи – адамдардың басқаруы. Пікірлердің әртүрлілігіне карамастан олар қоғам басымдығы индивидтен жоғары тұратындығы сынды ойлары өзара сәйкес келді.

Конфуций қытай халқының ұлы ұстазы, философы және саяси ойшылы ғана емес, ол қытай ұлттық идеясының негізін қалаушы. Ғұлама қартайған шағында өзінің өткен жолдарын ойлана отырып өз өмірін бірнеше кезеңге бөледі: «Он бес жастан мен ниетімді оқуға арнадым. Отыз жаста аяғымға тұрдым. Қырық жаста күдіктен

арылдым. Елу жасымда Аспанның желісін таныдым. Алпыс жасымда шындықты жалғаннан ажыратуды үйрендім. Жетпіс жасымда жүректің ырқына көндім де, шамадан шықпадым» [3].

Конфуций – Қытайдың дамуына және мәңгілік мемлекетке айналуына жол ашатын кіршіксіз, таза қоғамдық қарым-қатынас жүйесін орнатудың жолын іздеген саяси ойшыл. Сондықтан да оның ілімі мыңдаған жылдан бері Қытайдың мемлекеттік дініне немесе мемлекеттік идеологиясына айналды. Ол провинция басқарды, әділет министрі, патшаның кеңесшісі қызметтерін атқарды. Бір сөзбен айтқанда, саясаттанушы ғалым да, ел басқарған әкім де болды. Басшыларды қол астындағы халықты сүйуге, мейірімділікпен ізгілікке шақырды, ал қарапайым халықты тәртіптілікке үйретті. Ақыры Қытай халқының ар-ұяты мен рухани көсеміне айналды [4]. Оның іліміне сәйкес, қоғамдық және мемлекеттік құрылыс дүниенің құрылымы секілді мәңгілік және өзгермейтін құбылыс. Сонымен бірге, Конфуций мектебінде негізінен мынадай пәндер бойынша дәрістер оқытылды деген мәліметтер бар: тіл, мораль, саясат және әдебиет.

Өз елінде абыройы уақыт санап артқанымен, билік саласында биіктерге жете қойған жоқ. Бірде билеуші Цзин-гун Конфуцийді қабылдап, сөйлеседі. Бірақ қызмет емес, сыйлық береді. Сыйлық билеушіге тәуелді ететінін білген Конфуций одан бас тартады. Кейінірек жасы елулерде Конфуций кейбір мемлекеттік қызметтерді де атқарды: Чжунду қаласына билеуші, кейінірек Жоғарғы соттың мекеме басшысы болып қызмет етті. Бірақ билеуші топтың ақылдыға деген махаббаты көктемдегі мұз секілді өзгергіш, төрт жылдай билік саласында қол қызмет атқарған ақылман сарайды тастап шығады, тіпті Лу патшалығынан Вэй патшалығына өтіп кетеді. Одан кейінгі он төрт жыл қызмет іздеп қаңғумен өтеді. Су патшалығына, одан Чэнь патшалығына өтіп, екі жылдан соң Чу патшалығына, одан екі жылдан кейін қайтадан Вэй, соңынан Лу патшалығына қайтып оралуға мәжбүр болады [5]. Бұл сол замандардағы саяси құндылықтардың өлшемі мен жүзеге асырудағы кейбір мәселерді көрсетіп қана қоймай, ұстаздың ел алдында адал қызмет жасаудағы ұмтылысын көрсетеді.

Философия ғылымдарының докторы, профессор А. Құлсариеваның пайымдауынша: «Қазір бізде «Саясаттың түпкі мақсаты билікті көздейді. Билік жолында барлық құралдарды қолдану өзін-өзі ақтай алады» деген түсінік басым. Сондықтан саясатқа моральдан тыс нәрсе ретінде қараймыз. Ал Құнфудзы екеуінің басын

біріктіруге тырысқан. Ол: «Саясатта, мемлекеттік билікте моральсыз, адами құндылықтарсыз ештеңе бітіре алмайсың. Онсыз қайырымды, парасатты ер деңгейіне көтеріле алмайсың», – дейді. Басқару философиясы болғандықтан, Құңфудзы философиясындағы саяси тұлғаларға қатысты даналық сөздері де өте өзекті деуге болады. Оның пікірінше, жақсы шенеунік бес нәрсеге асық, төрт нәрседен қашық болуы керек: біреудің сый-сияпатына, әкелген сыйлығына қарамай, барлығына бірдей қара, бәріне әділетті бол; халықты ренжітпей, халықпен қатар жүр; өзіңнің орнында ұмытпа, алайда көздеген мақсатың қаншалықты биік болса да, тым тәкаппар болма (өзіңнің адам екеніңді ұмытпа деген мағынада); ұлықтығыңды білгеніңмен өзіңді жұрттан тым бөліп-жарып қарама; саған бағынушылар арасында өзіңе деген ашу-ыза, кек сезімін оятпа, өзіңе деген құрмет сезімін оята білуің керек. Данышпан сақтандыратын төрт нәрсе мынау: тым қатыгездіктен, ойына не келсе соны істейтін басбұзарлықтан, асығыс шешім қабылдаудан және тым уақтықтан, уақ нәрселерге шүйлігіп, ірі нәрселерді тасада қалдырудан аулақ болу керек» [6].

Конфуций ілімінің негізгі этикалық-философиялық тұжырымдамалары негізделеді:

1. Жэнь («ізгілік», «адамзатты сүю») және Ли («ереже», «әдеп») тұжырымдамасы. Ли Жэньнің жоғарғы көрінісі ретінде жарияланды. Бұл екі құрамдас ғұламаның көзқарасында мемлекеттік құрылыс және қоғамның әлеуметтік ұйымы негізінде танылды.

2. «Адал, таза шенеунік болу, билеушіні қадірлеу». Ол басқару жүйесімен тығыз байланысты мемлекет басшысы мен шенеуніктер өзара қатынастарындағы қағидаларды қамтитын кешенді мәселелерден тұрды.

3. Чжун юн тұжырымдамасы «орта жолмен сапар» немесе «орта туралы ілім» деп түсіндіріледі. Аталмыш ұғым бойынша ойшыл ақырғы шекке әуестенуден сақтандырады.

4. Билік мәселесін талқылай отырып, Конфуций барлық іс-әрекет әділеттілік қағидаларына негізделіп жасалуы қажет деп пайымдайды. Ойшыл бір-бірінен алшақтау «билік» және «әділеттілік» ұғымдарын біріктіреді.

5. Бұл тұжырым адамның діни сенімі қатынасымен тығыз байланысты. «Біздің ілімімізге қажымай адал бол, ынтамен иелен; батылдықпен қорғай біл», – деп пайымдайды ойшыл.

6. Аспан желісі арқылы оның сол кезеңде келінен танылған рухқа сенімге қарсы сыни қатынасы айқындалады.

Тұжырымдардың қысқа тізбесі көрсетіп тұрғандай, барлық ойлар мемлекет пен қоғамды басқарумен тығыз байланысты. Мұның толық объективті себептері бар: б.э.д. VI ғасырда Қытай үнемі жауласушы көптеген патшалықтардан құралды. Бір патшалық үстемдік жүргізуге үміткер болса, өзгелері аман қалуға тырысты. Патшалық билеушілері арасында да тұрақсыздық орын алып, жоғары аристократия ортасында патша тағына таласушылық етек жайды [7]. Бүгінгі таңда ізгілік, адамзатты сүю, ереже мен әдеп секілді әлеуметтік-саяси, рухани, мәдени құндылықтар адамзаттың дамуына өзіндік септігін тигізеді. Әсіресе, саясаттағы қоғаммен байланыс санатында берілген мәселелер өз өзектілігін жоғалтпасы анық.

Конфуций бойынша, қоғамның әрбір мүшесі дүниеге келгеннен өмірінің соңына дейін күнделікті өмірде әдепті басшылыққа алуы қажет. Хань династиясының тарихшысы, жазушы, астроном Сыма Цянь еңбегінде көрсетілгендей, «Ли» мемлекеттің ұйымдастырушы бастамасы және негізі: «Салт-дәстүр және әдет-ғұрыптар жойылса, тәртіпсіздік орын алады; [дұрыс] атаулар жойылса, қателіктер орнайды; дұрыс ұмтылыстар жойылса, барлығы жаңылады: ақиқат жойылса, барлығы қате болып табылады». Егер адамның ілімдерін оның өмір сүргенінде пайдалана алмай, дүниеден өткенде оның қабір басындағы мадақтама сөздері әдепке (ли) жатпайды. Егер патша өзін юй-и-жэнь (мен – бірден-бірмін, жалғызбын) деп атаса, бұл да дұрыс емес атау [8]. Көптеген зерттеушілер пікірінше, Конфуций іліміндегі «ли» түсінігі арқылы мемлекет, қоғам, тұлға, әлеуметтік және саяси әлем арасындағы бірігу жүреді.

Ізгі адам тұжырымдамасын қалыптастыру негіздері мынадай адамгершілік нормаларына сүйену қажеттілігін айтады: «Ізгі адам тоғыз құбылыс жайлы ойланады: айқын көру; анық есту; бейнесінің жарқындылығы; іс-әрекеттерінің инабаттылығы; сөйлеу мәнерінің адалдығы; өз іс-әрекеттерінің ұқыптылығы; күмән туғанда өзгелерден сұрау қажеттілігі; өз ашуы арқылы оның зардаптарын ұмытпау қажеттілігі; табыс табу мүмкіндігі туғанда әділеттілікті ұмытпау қажеттілігі» [7, 188-189 бб.]. Демек, адамдар арасындағы өзара қатынастардағы басымдықты жеке адамгершілік талапшылдығы қажет екендігі көрініс табады.

Ойшыл азаматтар арасындағы ізгі қатынастар қалыптастыруда мына пікірді ұстанады: «Өзіңе тілемегеніңді, өзгеге де тілеме». Мемлекетті гуманды басқарудың тұжырымдамасын

ұсына отырып, негізгі қағида индивид адамгершілігінде деп түсіндіреді. Адамдар арасындағы қатынастарды реттеудің құралы ретінде инабаттылық заңдылықтарын таниды. Ең негізгісі – әркім өз атауына сәйкес болуы тиіс: билеуші басқарушы болып, әке әкесі болып, ұл ұлы болып қала береді. Ол басқарудың патриархалды-патерналистік түрін қолдады. Мемлекет тағдыры вассал қызметшілерінің қолында тұрғанынан қауіптенді.

Халықты қалай бағындыруға болады деген сұраққа ұстаз айтты: Егер адал адамды көтермелеп, арамзаларды басшылықтан аластатсаң, халық бағынады. Егер арамзаны басшы етіп, адал адамдарды аластатсаң, халықты бағындыра алмайсың», – десе, халық қайткен күнде билікшіні құрметтейді, беріле қызмет етеді және көтеріңкі көңіл-күйде болады деп сұрағанда ұстаз айтты: Халқыңа байсалды бол, сонда ол сені құрметтейді, ұл мен әкенің парызын ұстан, сонда ел саған беріле қызмет етеді, қабілеттіні көтермеле, қабілетсізге үйрет, сонда ел көтеріңкі көңіл-күйде болады. Сонымен қатар, «басқаруға араласқың келсе, ата-ананды қалай құрметтесең, туыстарыңды қалай сүйіспеншілікпен қарасаң, соның бәрін ел басқарғанда еліңе пайдалан» [5, 20-21 бб.], – деген екен. Бұл сөздердің төркінін заманауи билікпен топ-менеджмент өкілдері түсінсе, әрине стратегиялық және тактикалық бастамалар өз дәрежесінде жүзеге асатындығына сенімдіміз.

Адам және оның адамгершілігі, әділдік туралы ұстаз айтады: Әрбір адам өзінің әділеттілігіне қарай қателеседі. Адамның қатесіне үңіліп қарасаң оның қаншалықты әділ екенін білуге болады. Адамгершіліктен ажыраған адам ұзақ уақыт кедей болып қалмас, бірақ мол байлыққа да кенелмейді. Адамдық қасиеті бар кісіге адамгершілік – рақат, ал ақылды кісіге ол пайдасын тигізеді. Жақсы адаммен кездесе беру қиын. Мінезі тұрақты кісіні кездестірсең де жетерлік. Кімнің сөзі тұрақсыз болса, ол жоқты іздейді, босты толы дейді, қажеттілікті асып-төгілгенмен теңгергісі келеді [5, 22 б.].

Сонымен қатар ұстаз өз сөзінде: «Егер мемлекетте дұрыс та әділ мақсат іске асырылып жатса, онда ойынды ашық айт, ашық әрекеттен. Егер мемлекетте дұрыс та әділ мақсат жүзеге аспай жатса, онда ашық әрекет жасауға болғанмен, сақтықпен сөйлеген жөн» [5, 27 б.], – деген екен.

Мемлекет туралы Конфуцийдің тағы пікірі: Ұстаз айтты: Біріншіден – мемлекетке жеткілік-

ті азық-ауқат болсын; екіншіден – мемлекетке жеткілікті қару-жарақ болсын; үшіншіден – халық өз патшасына сенетін болсын. Сонда Цзыгун: Егер осы үшеуінің біреуін құрбан ету керек болса, алдымен қайсысын құрбан етуге болады?

- Онда қару-жарақты құрбан ету керек.

- Қалған екеуінен біреуін құрбан етуге тура келсе ше?

- Онда азық-ауқатты. Себебі, азық-ауқатсыз ашығып киналғанмен, патшаға сенім болмаса, ол ел мемлекет болып қала алмайды [5, 31-32 бб.].

Конфуций афоризмдерінен прагматикалық, яғни пайдалы кеңестерді байқауға болады. Мәселен, нақты өмірдің пайдасына жарайтын кеңесі мынадай: төңкеріс болып жатқан елде тұрма; тұрақсыз дамып жатқан елде тұрма; тұрақтылық, бірқалыпты даму бар елде жүріп сен қалайша бай болмайсың, қалайша білімді болмайсың? Тұрақсыз даму бар елде жүріп сен қалайша бай боласың, қалайша білімді боласың? Құңғудзы (жалпы, Қытай философиясының кез келген өкілі) қай кезде де тұрақты даму философиясын ұсынады. «Алмағайып заманда өмір сүр» деген – қытайлықтардың ең жаман қарғысы [6, 28 б.].

Этикалық-философиялық тұжырымдамаларға толы ұлы ойшыл нағыз ғалымға тән белгілер айқындап, мынадай қағидаларын ұсынады: 1) «ғалымның өзін қалыптастыру» процесі; 2) «ғалымның сыртқы келбеті»; 3) «ғалымның алдын ала дайындығы»; 4) «ғалымның адамдармен жақындасу» шеберлігі; 5) оның «қағидаларға тұрақтылығы, тіпті, өлім алдында тұрса да»; 6) «ғалымның дербестігі»; 7) «ғалымның табандылығы және қажымайтындығы»; 8) «ғалымның тәуелсіздігі»; 9) «ғалымның қызметтегі мінез-құлқы»; 10) «ғалым ойының тереңдігі»; 11) «ғалым көңілінің кеңдігі»; 12) «ғалымның ақылдыларды көтермелеу және дарындыларды қолдау» шеберлігі; 13) оның «досқа адалдығы»; 14) «ғалым қағидалары»; 15) «ғалымның достықтағы» мінез-құлқы; 16) «ғалымның инабаттылығы мен жұмсақтығы» [7, 200 б.].

Қорыта айтқанда, көпқырлы этикалық-саяси ілімдердің негізін қалаған Конфуций мұрасы қаншама жылдар өтсе де өзекті тақырыптар қатарында саналады. Моральдық философия тұрғысындағы ілімдері қазіргі саяси ғылымдардағы көптеген зерттеулерді қажет етеді. Ғылыми мақала барысында басқару философиясы бойынша ұсынған қағидалары заманауи құндылықтар тұрғысынан айқындалды деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

- 1 Маслов А.А. Китай: колокольца в пыли. Странствия мага и интеллектуала. – М.: Алетейя, 2003. – С. 64.
- 2 Қытай философиясының негізі – халық мифологиясы, аңыз әңгімелер, ауыз әдебиеті // Аңыз адам. – 2012. – №9. – 14-15 бб.
- 3 Лунь Юй. / Собрание текстов в 2-х томах. – М.: Мысль, 1972. – Том 1. – С. 143.
- 4 Кішкентай Цю-ден Кун ұстазға дейін // Аңыз адам. – 2012. – №9. – 6 б.
- 5 Конфуций даналығы. – Астана: Аударма, 2002. – 7-8 бб.
- 6 Философиясының басты ерекшелігі – мәңгілік құндылықтарды уағыздауында // Аңыз адам. – 2012. – №9. – 28 б.
- 7 Переломов Л.С. Конфуций: жизнь, учение, судьба. – М.: Наука, 1993. – С. 64-65.
- 8 Сыма Цянь. Исторические записки [Электрондық ресурс]. – Көру режимі: http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/China/I/Syma_Tsjan/Tom_VI/frame-text47.htm

References

- 1 Maslov A.A. Kytay: kolokoltsa v pyly. Stranstviya maga I intellektuala. – M.: Alateya, 2003. – S. 64.
- 2 Kytay filosofiyasynyn negizi – khalyk mifologiyasy, anyz angimeler, auyz adebieti // Anyz adam. – 2012. – №9. – 14-15 bb.
- 3 Lun Yi. / Sbranie tekstov v 2-h tomah. – M.: Mysl, 1972. – Tom 1. – S. 143.
- 4 Kishkentai Su-den Kun ustazga dein // Anyz adam. – 2012. – №9. – 6 b.
- 5 Konfuzii danalygy. – Astana: Audarma, 2002. – 7-8 bb.
- 6 Filosofiyasynyn basty ereksheligi – mangilik kundylyktardy uagyздауында // Anyz adam. – 2012. – №9. – 28 b.
- 7 Perelomov L.S. Konfuzii: zhizn, ushenie, sudba. – M.: Nauka, 1993. – S. 64-65.
- 8 Syma Tsyann. Istoricheskie zapiski [Elektronnyy resurs]. – Koru rezhimi: http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/China/I/Syma_Tsjan/Tom_VI/frame-text47.htm